

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Стратегиялық даму және сапа комитетінің №3 мәжілісі

Түркістан қаласы

20 маусым 2022 жыл

Сағат 17:00.

Қатысқандар: Комитет мүшелері -18 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Стратегиялық даму жоспарының 2021-2022 оқу жылы бойынша орындалуы туралы;
2. Университет құрылымдарында 2021-2022 оқу жылының ішкі аудит нәтижелері туралы;
3. Әр түрлі мәселелер:
 - 3.1. Ахмет Ясауи университетінің 2021-2022 оқу жылының сапа бойынша мақсаттарының орындалуы жөнінде.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева университеттің Стратегиялық даму жоспары басты құжат екендігін айта отырып, оның орындалуының маңыздылығы университет қызметкерлерінің барлығы үшін ортақ екендігін, ұжым болып жұмыла жұмыс жасау керектігін баса айтты. 2021-2022 оқу жылы бойынша Стратегиялық даму жоспарының орындалуы жөнінде ары қарай Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев мәліметті кесте түрінде таныстыра отырып баяндады. 2021-2022 оқу жылында Стратегиялық даму жоспарының орындалу көрсеткіштері жалпы 79 индикатор бойынша 48-і орындалып, 60,8 %-ды құрады (*қосымша 1*). Ал, бағыттар бойынша орындалу деңгейіне қарай, 1-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 12 (80 %), орындалмағаны 3 (20 %); 2-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 11 (55 %), орындалмағаны 9 (45 %); 3-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 2 (66,7 %), орындалмағаны 1 (33,3 %); 4-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 9 (53,3 %), орындалмағаны 8 (47%); 5-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 5 (71 %), орындалмағаны 2 (29 %); 6-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 9 (60 %), орындалмағаны 6 (40 %); 7-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 0 (0,0 %), орындалмағаны 2 (100 %);.

2026 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының 2021-2022 оқу жылы бойынша жалпы орындалу көрсеткіштері

Стратегиялық бағыттар мен міндеттер	Жалпы индикатор саны	Қорытынды көрсеткіштер	
		Орындалған индикаторлар саны	Орындалмаған индикаторлар саны
1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: УНИВЕРСИТЕТТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ			
Міндет 1.1. Корпоративтік басқару мен бәсекеге қабілеттілікті тиімді жетілдіру.	5	5	0
Міндет 1.2. Университеттің кадрлық әлеуетін күшейту	10	7	3
Бағыт бойынша жалпы индикатор саны	15	12	3
Орындалуы, %	100	80	20

2-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӨЗГЕРТУДЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ПОЗИЦИЯЛАРЫНА ЖЕТУ			
Міндет 2.1. Білім беру үдерісінің сапасын арттыру.	6	4	2
Міндет 2.2. Болон процесінің қағидаттарын іске асыруды қамтамасыз ету.	5	1	4
Міндет 2.3. Оқуда инновацияны дамыту.	4	3	1
Міндет 2.4. Қабылданған студенттердің сапасы мен құрылымының өзгеруі.	2	1	1
Міндет 2.5. Жұмыс берушілермен байланысты дамыту және түлектерді жұмысқа орналастыру.	3	2	1
Бағыт бойынша жалпы индикатор саны	20	11	9
Орындалуы, %	100	55	45
3-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: МЕДИЦИНА КАДРЛАРЫН АКАДЕМИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ КЛИНИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН МОДЕЛІН ДАМУ			
Міндет 3.2. Университеттік клиникалар мен клиникалық базалар жағдайында заманауи теориялық білім мен нақты практикалық дағдыларды алу негізінде сапалы медициналық білім беру	3	2	1
Орындалуы, %	100	66,7	33,3
4-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: ҒЫЛЫМ МЕН ИННОВАЦИЯНЫҢ ЭКОЖҮЙЕСІН ДАМУ			
Міндет 4.1. Университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту	12	7	5
Міндет 4.2. Ғылыми-инновациялық зерттеулердің нәтижелерін практикаға енгізу және коммерцияландыру	5	2	3
Бағыт бойынша жалпы индикатор саны	17	9	8
Орындалуы, %		53	47
5-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: ҚОҒАМ МЕН АЙМАҚТЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ			
Міндет 5.1. Аймақтың әлеуетін дамыту	2	1	1
Міндет 5.2. Жастар саясаты және студенттердің бастамаларын дамыту	5	4	1
Бағыт бойынша жалпы индикатор саны	7	5	2
Орындалуы, %	100	71	29
6-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: УНИВЕРСИТЕТТІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МЕН РЕСУРСТАРЫН ДАМУ			
Міндет 6.1. Құрылыстың бас жоспарын әзірлеу және университет кампусын ұлғайту, инфрақұрылымды дамыту	5	4	1
Міндет 6.2. Материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаны жетілдіру және цифрлық трансформация (digitaltransformation)	10	5	5
Бағыт бойынша жалпы индикатор саны	15	9	6
Орындалуы, %	100	60	40

7-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: ТҮРКІСТАН - ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ			
Міндет 7.1. Хабтың Түркология, Археология, Теология, Ясауитану және жалпы түркі рухани құндылықтарын зерттеу саласындағы қызметінің әлеуетін ұйымдастыру және арттыру	2	0	2
Орындалуы, %	100	0	100
Жалпы ХҚТУ бойынша индикатор саны	79	48	31
Орындалуы, орындалмауы, %	100	60,8	39,2

Шешім:

Стратегиялық даму жоспарының 2021-2022 оқу жылы бойынша есебі талдау және бекіту үшін Сенатқа ұсынылсын.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі университет құрылымдарында 2021-2022 оқу жылының ішкі аудит нәтижелері туралы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев баяндады. Ол өз сөзінде университет құрылымдарында өткен ішкі аудит нәтижелері 31.03.2022ж. №2 Стратегиялық даму және сапа комитетінде қаралғанын және тиісті шешімдер қабылданғаны жөнінде хабардар етті. Сонымен бірге қазіргі уақытта орталық атауы мамыр айынан бастап «Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс және сапа» орталығы болып атауы өзгертілді. Осыған байланысты орталыққа қосымша қызмет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу қызметі жүктелді және қосымша екі штаттық бірлік ашылып, орталықтың қызмет ету аясы кеңейгені жөнінде хабарлады.

Бұл қызметтің негізгі мақсаты комплаенс бағдарламасын енгізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша саясатты айқындау, сондай-ақ университеттегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған комплаенс бағдарламасының маңызды элементтерінің бірі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау болып табылады.

Осыған байланысты комплаенс қызметінің университет бойынша стандартын әзірлеу, тиісті басқа құжаттамаларының үлгілері келесі комитет отырысында ұсынылатыны жөнінде мәжіліске қатысушыларды хабардар етті.

Шешім:

Комплаенс қызметін енгізу мәліметтері назарға алынсын.

3.1. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев, 2021-2022 оқу жылының сапа мақсаттарының орындалуы жөнінде таныстырып өтті.

Ол ұсынылып отырған (қосымша 2) университеттің сапа бойынша мақсаттары стратегиялық жоспармен үндесетіндігін, Стратегиялық жоспар көрсеткіштері орындалса, сапа бойынша мақсаттардың орындалғанын білдіретінін, Стратегиялық жоспар көрсеткіштерінің орындалуы жоғарыда, 1-мәселеде талқыланып, тиісті шешім шығарылғанын айтты. Комитет мүшелері ұсынылып отырған сапа бойынша мақсаттары есебінің жобасымен таныс екендігін, бекітуді бірауыздан қолдайтындықтарын білдірді.

Шешім:


Университеттің 2021-2022 оқу жылының сапа бойынша мақсаттарының есебі бекітуге ұсынылсын.

Комитет төрайымы

Комитет хатшысы



А.Ошибаева



Т.Көшербаев